

БН-350 реакторының ядролық материалдарын кәдеге жаратуға қатысты қазақстан-американ бастамасын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 20 наурыздағы N 239

Қазақстан Республикасының Президенті мен АҚШ-тың Вице-президенті 1997 жылғы 18 қарашада қол қойған Қазақстан-американ бірлескен комиссиясының қорытынды баяндамасына сәйкес БН-350 реакторының ядролық материалдарын кәдеге жаратуға қатысты қазақстан-американ бастамасын іске асыру туралы уағдаластыққа және Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы мен АҚШ-тың Энергетика министрлігі арасындағы БН-350 ядролық материалдарын ұзақ мерзімді орналастыруға қатысты 1997 жылғы 18 қарашадағы Атқару шартына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен, ұйымдарымен және американдық қатысушылармен бірлесе отырып:

"Маңғышлақ атом энергетикасы комбинаты" республикалық акционерлік қоғамының БН-350 реакторының пайдаланылған ядролық отынын тұрақтандыру мен б у ы п - т ү ю ;

пайдаланылған ядролық отынды Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы Ұлттық ядролық орталығының "Байкал - 1" алаңына ядролық материалдарды есепке алу мен бақылаудың мемлекеттік жүйесінің және МАГАТЭ кепілдіктері жүйесінің талаптарын орындай отырып тасымалдау және сақтауға беру жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ішкі істер министрлігі Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісе отырып, ТН-350 пайдаланылған отынын тасымалдауды және тасымалдау кезінде оның МАГАТЭ талаптарына сәйкес физикалық қорғалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктері мен ведомстволарының, кәсіпорындары мен ұйымдарының БН-350 реакторынан алынған пайдаланылған отынды қауіпсіз сенімді қоймаға сақтауға орналастыру жөніндегі бағдарламаның американдық қатысушыларымен өзара іс-қимылын үйлестіру жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын жоюға, апатты жағдайлардың

салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуын болдырмауға қатысты 1993 жылғы 13 желтоқсандағы Келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы мен АҚШ Энергетика министрлігі арасындағы БН-350 ядролық материалдарын ұзақ мерзімді орналастыруға қатысты 1997 жылғы 18 қарашадағы Атқарушы Шартқа сәйкес жүзеге асырылатын өнім беру мен жұмыстарды салықтардан , баждардан және басқа да алым алудан босатсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК